

Кәсіптік стандарт: «Газ тасымалдауды басқару»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Газ тасымалдауды басқару» кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктіліктер туралы» Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді және ол магистральдық газ тасымалдау саласында жұмысшылардың кәсіби біліктілігін тану, еңбек мазмұнын айқындау, біліктілікті тәуелсіз бағалауды жүргізу және кадрлық әрі өндірістік жоспарлау міндеттерін шешу үшін қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Газ айдаушы агрегат – газ құбырлары мен жерасты газ қоймаларындағы компрессорлық станцияларда табиғи газды сығуға арналған агрегат.

2) Газ тарататын станция – газды тарату және қысымын реттеу жүйелерінен, орнатылған жабдықтар мен құрылғылар кешенінен тұратын нысан. Газ тарататын станциялар газ тарату жүйелерінің құрамына кіреді;

3) Газды тасымалдау – шикі немесе тауарлық газды газ құбырлары арқылы айдау процесі;

4) Компрессор станциясы – газды өндіру, тасымалдау және сақтау кезінде газдың қысымын арттыруға арналған құрылыстар мен жабдықтар кешені;

5) Магистральдық газ құбыры – тауарлық газды тасымалдауға арналған, бір немесе бірнеше құбыр желісінен және қысымды реттейтін, телеуправление мен байланыс құралдарынан тұратын инженерлік құрылым. Объектілер құрамы жобалық құжаттама мен техникалық регламенттердің талаптарымен анықталады;

6) Магистральдық құбырды пайдалану – магистральдық құбырдың үздіксіз, тиімді және талапқа сай жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті қызмет түрлері, оның ішінде техникалық қызмет көрсету, жөндеу, техникалық диагностикалау және жедел-диспетчерлік басқару кіреді;

7) SCADA – автоматтандырылған нысандардың жұмысын үздіксіз бақылауға, басқаруға және ақауларға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жүйе.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ГAA – газ айдаушы агрегат

2) ГTC – газ тарату станциясы

3) KC – компрессор станциясы

4) MГҚ – магистральдық газ құбыры

5) CБШ – салалық біліктілік шеңбері

6) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

7) ҚР TP – Қазақстан Республикасының техникалық регламенті

8) ӨҚ – өлшеу қондырғысы

9) ӨҚЖТШ – өндірістік қажеттіліктер мен технологиялық шығындар

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Газ тасымалдауды басқару

5. Кәсіптік стандарттың коды: H49500142

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

H Көлік және қоймалау

49 Құрлық және құбырмен жүретін көліктің қызметі

49.5 Құбыр көлігінің қызметі

49.50 Құбыр көлігінің қызметі

49.50.0 Құбыр көлігінің қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: «Газ тасымалдауды басқару» кәсіптік стандарты газды өндіру көздерінен тұтынушыларға дейін тасымалдау процестерін ұйымдастыру және басқарумен айналысатын мамандардың құзыреттері мен кәсіби дағдыларына қойылатын талаптарды айқындайды. Кәсіптік стандарт газ құбырларына техникалық қызмет көрсету, газ сапасын бақылау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тасымалдау процестерінің экономикалық тиімділігін арттыру сияқты негізгі қызмет салаларын қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

3) Өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі

4) Өндіріс инженері - 6 СБШ-нің деңгейі

7) Магистральдық құбырлардың диспетчері - 6 СБШ-нің деңгейі

8) Газды есепке алу жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

11. Кәсіптің карточкасы «Өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер»:

Топтың коды:	2141-2		
Қызмет атауының коды:	2141-2-002		
Кәсіптің атауы:	Өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. 83-параграф. Өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі; II санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; санатсыз өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және I санатты техник лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Газ тасымалдау жүйесі бойынша газды тасымалдаудың берілген режимін қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. МГҚ объектілерінде газ тасымалдау процесін жедел басқару 2. Қызметтің жұмысын жоспарлау, көрсеткіштер есебін жүргізу және талдау 3. Газ тасымалдау процесін жетілдіру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: МГҚ объектілерінде газ тасымалдау процесін жедел басқару	Дағды 1: МГҚ желілік бөлігінің жұмысқа қабілеттілігін сақтау	Машықтар:	
		1. Технологиялық процесс бойынша берілген режимді қамтамасыз ету үшін МГҚ желілік бөлігінің, ГТС және басқа да технологиялық жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі мен жарамдылығын анықтау . 2. Газ құбырының гидравликалық тиімділігін және желілік бөлік учаскелерінің ішкі қуысын тазартудың орындылығын анықтау.	

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Магистральдық және таратушы газ құбырларын, жерасты газ қоймаларын, КС пайдалану тәртібі . 2. Газ жабдықтарын, газ құбырларын жөндеу және жұмыс істеу қағидасы .
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
<p>Дағды 2: Газ тасымалдау объектілеріндегі аварияларды оқшаулау және жою</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ құбырларындағы, КС және ГТС апаттарын оқшаулау және жою, газ көлігінің барынша мүмкін көлемін қамтамасыз ету, тұтынушыларды үздіксіз газбен жабдықтау мақсатында газ ағындарын қажетті ауыстырып қосуды жүргізу жөнінде шаралар қабылдау . 2. Аварияны жою жоспарларын, лауазымды адамдарды хабардар ету және жинау схемаларын әзірлеу. 3. От және жоспарлы-алдын алу жұмыстарының кешендерін жүргізу жоспарларын әзірлеу. 4. Газ тасымалдау жүйесі объектілерінде жоспарлы және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын бағалау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі ережелер, нұсқаулықтар және басқа да басшылық материалдар. 2. Газ тасымалдау жүйесінің құбыржолдарын, жабдықтарын инженерлік-техникалық қамтамасыз ету және техникалық қызмет көрсету әдістері. 3. Газ тасымалдау жүйесі объектілеріндегі аварияларды жою (оқшаулау) жоспары. 4. Еңбек қауіпсіздігі стандарттары, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
<p>Дағды 3: Газды тасымалдау бойынша деректерді қабылдау және беру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету, берілген параметрлерден ауытқуларға дереу әрекет ету және ұсыныстар беру. 2. Өз қажеттіліктері мен технологиялық ысыраптар бойынша газ көлемін тәулік сайын жинауды, апта сайын және ай сайын салыстыруды қамтамасыз ету. 3. Жеткізушілерден газды қабылдаған кезде саны мен сапасын талдау және тұтынушыларға тасымалданатын газды беру . 4. Баланстарды анықтау мақсатында газды бөлудің тәуліктік балансын анықтау

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және кәсіпорын қызметінің бағыты бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер. 2. Өндірістік қуаттар, техникалық сипаттамалар, конструктивтік ерекшеліктері, жұмыс режимдері және жабдықты техникалық пайдалану қағидалары. 3. Экономикалық қызметтің тиісті түріндегі ғылыми-техникалық жетістіктер және озық ұйымдардың тәжірибесі. 4. Белгіленген есептілікті жасау тәртібі. 5. Техникалық, экономикалық, әлеуметтік даму перспективалары, бейіні, мамандануы және құрылым ерекшеліктері, өндірістік қуаттар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	<p>Дағды 4: Газды тасымалдау процесін ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі талаптар: шығудағы, кірудегі қысым, өлшеу қондырғысындағы (ӨҚ) сағаттық шығыс және т. б. бойынша беруші және қабылдаушы тараптармен газды беру және қабылдау режимін талдау . 2. Газ тасымалдау режимін жоспарлау. 3. Газ тасымалдау жөніндегі жоспарлардың орындалуын талдау, газ тасымалдау режимінің өзгеруін мүдделі тараптармен келісу . 4. Құрылымдық бөлімшелерге бекітпе арматураны ауыстырып қосуға, МГҚ желілік бөлігінің технологиялық жабдығын, компрессорлық станцияны (КС) және ГТС іске қосуға және тоқтатуға және жөндеуге шығаруға өкімді келісу және беру. 5. Газ тасымалдау процесіне тұрақты мониторинг жүргізу. 6. МГҚ режимін келісу және өзгерту туралы хаттарды, факсимильді хабарламаларды, телефонограммаларды және өзге де құжаттарды дайындау . <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірістік-шаруашылық қызмет жоспарларын жасау және келісу тәртібі . 2. Табиғи газды жеткізу, тасымалдау, өткізу және сақтау тәртібі . 3. Экономика, еңбекті ұйымдастыру, өндіріс және басқару негіздері. 4. Газ көлемі мен режимдерін есептеу бойынша мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Қызметтің жұмысын жоспарлау, көрсеткіштер есебін жүргізу және талдау		

<p>Дағды 1: Газ тасымалдау қызметін жоспарлау және талдау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ тасымалдау жүйесінің өндірістік объектілерінің және жұмыс параметрлерінің жай-күйі мен динамикасын берілген параметрлерден ауытқу мәніне талдау. 2. Өз қажеттіліктеріне және технологиялық ысыраптарға (ӨҚжТы) газ шығысының жоспарланған көлемдерінің есебін дайындау, деректерді талдау. 3. Газ тасымалдау жоспарларын, газ тасымалдау жүйесінің жұмыс режимдерінің жобаларын өз мұқтаждары мен технологиялық ысыраптарға арналған газ шығыстарын оңтайландыру мен барынша азайтуды, экологиялық аспектілер мен өндірістік тәуекелдерді ескере отырып дайындау және келісу. 4. Техникалық-экономикалық талдау жүргізу, қабылданатын және іске асырылатын шешімдерді кешенді негіздеу, ӨҚжТы газ шығынын азайту мүмкіндігін табу, МГҚ негізгі және қосалқы жабдықтарын неғұрлым тиімді пайдалану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ тасымалдау жүйесі бойынша жабдықтың өндірістік қуаты, техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері мен жұмыс режимі, оны пайдалану ережесі. 2. Газ көлігі көлемін есептеу рәсімі. 3. Газ тасымалдау жүйесінің технологиялық объектілерінің жұмыс көрсеткіштерін бағалау әдістері. 4. Газ көлігі, газ тарату және газбен жабдықтау саласындағы өндірісті жедел басқару мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік материалдар
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 2: Газды тасымалдау бойынша есептік ақпаратты ұсыну</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ тасымалдау жүйесі бойынша ай, жыл ішіндегі газ балансын жасау 2. Өз қажеттіліктеріне және технологиялық ысыраптарға арналған газ шығындары бойынша жиынтық айлық есептер жасау . 3. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша газды тасымалдау бойынша есептер, қабылдау тапсыру актілерін ұсыну. 4. Газ тасымалдау жүйесі бойынша жабдықтың жай-күйі бойынша жиынтық ақпарат құру . <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ теңгерімдерін және технологиялық объектілердің жұмыс режимін бақылау мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттар, стандарттар. 2. Газды тасымалдау және жеткізу жөніндегі жоспарлар. 3. Өз мұқтаждарына және технологиялық ысыраптарға арналған газ шығыстары жөніндегі есептерді жасау ережесі мен тәртібі.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>ұсынылмайды</p>
<p>Еңбек функциясы 3: Газ тасымалдау процесін жетілдіру</p>	

	<p>Дағды 1: МГҚ және МГҚ объектілерінің сенімділігін, тиімділігін және қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Объектіні пайдалану мәселелерін шешу нұсқаларын әзірлеу, нұсқаларды талдау, салдарларды болжау. 2. Озық ақпараттық технологиялар мен әзірлемелерді пайдалану. 3. МГҚ объектілерінде сенімділік пен қауіпсіздікті жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу және жобаларды әзірлеу. 4. Құбырлар жүйелерінің құрылымын жаңғырту бойынша ұсыныстар енгізу. 5. Монтаждау, ақаулықтарды іздестіру және жою және жабдықты пайдалануға беру бойынша жаңа жобаларды іске асыру.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Саланың және ұйымның даму перспективалары. 2. Қызмет бағыты бойынша жаңа техника мен технологияны енгізуден тиімділікті анықтау әдістері. 3. Жаңа техниканы, озық технологияларды енгізуді, қызмет бағыты бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді регламенттейтін құжаттар. 4. Газбен жабдықтаудың жаңа технологиялық процестерін әзірлеудің озық тәжірибесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Көшбасшылық қасиеттер Команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу Аналитикалық ойлау Компьютерлік сауаттылық Міндеттерді орындаудағы дәлдік Дербестік Тез шешім қабылдай білу Өз жұмысы үшін және команда жұмысы үшін жауапкершілік Кәсіптік біліктілігі мен икемділігін өз бетінше дамыту қабілеті</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>ТР РК 435 - 2023 – «О безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий». ТР РК 731 - 2010 – «О безопасности углей и производственных процессов». ТР РК 60 - 2017 – «О радиационной безопасности». СТ РК ISO 9001–2016 – «Система менеджмента качества». СТ РК ISO 45001–2019 – «Система управления охраной труда и промышленной безопасностью». СТ РК 1194–2004 – «Организация и нормирование труда».</p>	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Бас диспетчер
	6	Главный инженер
	7	Главный инженер
12. Кәсіптің карточкасы «Өндіріс инженері»:		
Топтың коды:	2141-1	
Қызмет атауының коды:	2141-1-001	
Кәсіптің атауы:	Өндіріс инженері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді.</p> <p>§83 Өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер</p>	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және II санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі; II санатты өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және санатсыз өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі; санатсыз өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және I санатты техник лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Компрессорлық станцияның газ тасымалдау жабдығын пайдалануды жедел басқару		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Газ тасымалдау жабдығының жұмысын берілген технологиялық режимде ұстау 2. Бағынысты ауысымдағы персоналды басқару	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Газ тасымалдау жабдығының жұмысын берілген технологиялық режимде ұстау	Дағды 1: Ауысым тапсырмасын орындау	Машықтар:	
		1. Технологиялық параметрлерді түзету бойынша шешімдер қабылдау. 2. Газ айдау агрегаттарын (ГАА) іске қосу және тоқтату операцияларының дұрыстығын бағалау). 3. Газ тасымалдау жабдығының пайдалану параметрлерінің нормативтік (рұқсат етілген) шамаларынан өзгеру және ауытқу себептерін анықтау. 4. Шектеулі уақыт режимінде шешім қабылдау. 5. Жабдықтың жай-күйінің пайдалану регламенттерінің талаптарына сәйкестігін анықтау. 6. Сызбалар мен схемаларды оқу . 7. Газ режимінің көрсеткіштерін, агрегаттарды тоқтату және іске қосу уақытын журналға тіркеу .	
		Білімдер:	
		1. Газ тасымалдау жабдығы жұмысының нормативтік және шекті параметрлері . 2. Негізгі бақылау-өлшеу аспаптарының, оның ішінде қауіпсіздік аспаптарының жұмыс істеу қағидаттары . 3. Технологиялық процестерді басқарудың автоматты жүйесі, телемеханика құралдарының, газ тасымалдау жабдығын автоматты басқару жүйелерінің құрылымы, өзара іс-қимылы . 4. Жабдық жұмысының қауіпті режимдерінің алдын алу жөніндегі үлгілік шаралар. 5. Еңбек қауіпсіздігі стандарттары, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары. 6. Құжаттаманы жүргізуге қойылатын талаптар . 7. Табиғи газдың қасиеттері .	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	

	<p>Дағды 2: Газ тасымалдау жабдығының жұмысын пайдалану</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Айналып өту кезінде газ тасымалдау жабдығының ақауларын анықтау. 2. Аспаптардың көрсеткіштері, шу сипаттамалары бойынша газ тасымалдау жабдығының жұмысындағы ауытқуларды анықтау. 3. Жабдық жұмысының қауіпті режимдерінің алдын алу шараларын қабылдау. 4. Өлшеу құралдарының көрсеткіштерін талдау. 5. Газ тасымалдау жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды жетілдіру бойынша ұсыныстарды талдау және әзірлеу . <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық жабдықтарды пайдалану бойынша регламенттер. 2. Газ тасымалдау жүйесі учаскесінің технологиялық схемасы. 3. Газ тасымалдау жабдығын пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін салалық стандарттар, техникалық регламенттер, нұсқаулықтар (нұсқаулықтар). 4. ГАА қосу және тоқтату алгоритмі. 5. Газ тасымалдау жабдығының мақсаты, құрылысы және жұмыс істеу принципі .
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 2: Бағынысты ауысымдағы персоналды басқару</p>	<p>Дағды 1: Ауысымды басқару</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пайдаланушы персоналдың қызметін жоспарлау және ұйымдастыру . 2. Пайдалану персоналының жұмыс сапасын бағалау. 3. Персоналды оқыту бойынша техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалану. 4. Аварияға қарсы жаттығуларды өткізуді жоспарлау . 5. Ауысым персоналының жұмыс кестесін қалыптастыру . 6. Жұмыс күшін учаскелер бойынша орналастыру. 7. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пайдалану персоналының біліктілік сипаттамалары. 2. Пайдалану персоналының кәсіптері мен жұмыс түрлері бойынша еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық . 3. Авариялар мен инциденттердің салдарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
	<p>Дағды 2: Ауысымды қабылдау тапсыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ауысымды қабылдау және тапсыру. 2. Бағыт бойынша айналып өтуді жүзеге асыру. 3. Компрессорлық станцияның негізгі және қосалқы жабдықтарын пайдалану бойынша жедел-техникалық құжаттаманы жүргізу. 4. Есептік құжаттаманы ұсыну . <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Газ тасымалдау жабдығы ақауларының түрлері және оларды жою тәсілдері . 2. Газ тасымалдау жабдықтарының ақаулық белгілері. 3. ГАА қосу және тоқтату алгоритмі 4. Жауапты аймақтағы жабдықтары бар компрессорлық цехтың және технологиялық құбырлар учаскесінің технологиялық схемасы . 5. Негізгі және қосалқы жабдықтарды пайдалану персоналының айналып өту маршруттары .

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Көшбасшылық қасиеттер Команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу Аналитикалық ойлау Дербестік Күйзеліске төзімділік Өз жұмысы мен команда жұмысы үшін жауапкершілік Кәсіптік біліктілігі мен икемділігін өз бетінше дамыту қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас инженер	
	6	Бас диспетчер	
15. Кәсіптің карточкасы «Магистральдық құбырлардың диспетчері»:			
Топтың коды:	2147-4		
Қызмет атауының коды:	2147-4-001		
Кәсіптің атауы:	Магистральдық құбырлардың диспетчері		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22003 болып тіркелді. §27 Диспетчер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	басқару (өндіріс) процесін жедел реттеу бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	Қажет етпейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3159-0-001 - Диспетчер (жалпы бейін)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мұнайды тасымалдау және сақтау процесінің жұмысын жедел-диспетчерлік басқару және бақылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жұмыс тәртібінің мониторингі және технологиялық объектілерді қашықтықтан басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру 2. Магистральдық құбырларды диспетчерлік басқару жұмыс режимдерінің күйін талдау 3. Өнімді тасымалдау жүйесі объектілерінің жұмысын үйлестіруді ұйымдастыру 4. Өнімді тасымалдау жүйесі объектілерінің жұмысын үйлестіру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жұмыс тәртібінің мониторингі және технологиялық объектілерді қашықтықтан басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру			

<p>Дағды 1: Жабдықты пайдалану жөніндегі бекітілген нұсқаулықтарға, өндірістік бағдарламаларға, мұнай айдаудың күнтізбелік жоспарлары мен кестелеріне сәйкес диспетчерлік бақылау және басқару жүйесін пайдалана отырып, магистральдық құбыржолының жұмысын жедел басқаруды жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық объектілердің оңтайлы жұмыс режимін анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру 2. Технологиялық объектілер учаскелерінің ең жоғары техникалық мүмкін өткізу қабілеті мен өнімділігі бойынша деректерді талдау 3. Дербес компьютермен және оның перифериялық құрылғыларымен, ұйымдастыру техникасымен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР Экологиялық кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Кодексі, "азаматтық қорғау туралы" ҚР Заңы, "магистральдық құбыр туралы" ҚР Заңы 2. Кәсіпорынның өндірістік қызметіне қатысты ұйымдастырушылық-әкімшілік құжаттар мен әдістемелік материалдар 3. Өндірістік тапсырмаларды жасау және өндірісті жедел басқару мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер, жоғары тұрған органдардың басқа да басшылық, әдістемелік және нормативтік материалдары 4. Технологиялық объектілердің оңтайлы жұмыс режимі 5. Объектілер бойынша өнімді тасымалдаудың технологиялық регламенттері 6. Жабдықты пайдалану режимін сипаттайтын бақылау шамалары
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 2: Жабдықтың жұмыс режимін тікелей басқаруды жүзеге асыратын жедел персоналға басшылық жасау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жабдықтың жұмыс режимін тікелей басқаруды жүзеге асыратын жедел персонал арасында міндеттерді бөлуді ұйымдастыру және басымдықтарды айқындау. 2. Жедел журналды жүргізуді бақылау (жұмыс режимі, жүргізілген ауыстырып қосу, құбыр учаскесі жұмысындағы іске қосу және тоқтату, жұмыстағы істен шығу және жұмыс режимін қалпына келтіру жөніндегі іс- қимылдар, наряд нөмірі мен жұмыс мазмұны көрсетілген наряд бойынша жұмыстарға рұқсат беру және жұмыстардың аяқталу уақыты туралы жазба жасау). <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйым бөлімшелерінің мамандануы және олардың арасындағы өндірістік байланыстар. 2. Өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру. 3. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария жөніндегі нормалар, өрт қауіпсіздігі талаптары, қауіпті және зиянды өндірістік және табиғи факторлардың әсерінен ұжымдық және жеке қорғану құралдары және басқалар.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Ұсынылмайды</p>
<p>Дағды 3: Ақпараттық жүйелер мен диспетчерлік шешімдерді қабылдауды қолдау құралдарын пайдалана отырып, жедел-диспетчерлік ақпараттың және есепке алу-статикалық ақпараттың түсуін өңдеуді, дұрыстығын және уақтылығын бақылауды жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық объектілердің жұмыс режимдерін талдау 2. Технологиялық объектілер учаскелерінің ең жоғары техникалық мүмкін өткізу қабілеті мен өнімділігі бойынша деректердің мониторингін жүргізу 3. Технологиялық объектілердің жұмыс режимдерінің есептеулерін талдау 4. Мамандандырылған диспетчерлік бағдарламалық өнімдерді пайдалану

	жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	Білімдер: 1. Диспетчерлеу бойынша мамандандырылған бағдарламалық өнімдер 2. Нормативтік-анықтамалық ақпарат 3. Қызмет бағыты бойынша статистикалық деректер
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Магистральдық құбырларды диспетчерлік басқару жұмыс режимдерінің күйін талдау	Дағды 1: Сапасыз мұнай, газ және олардың өнімдерін анықтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру	Машықтар: 1. Көмірсутек шикізатының ағындарын диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру 2. Технологиялық объектілерде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде диспетчерлік қамтамасыз етуді жүзеге асыру 3. Нормаланған көрсеткіштер мен режимдік карталардың орындалуын талдау 4. Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды өткізу нәтижелері мен тиімділігін бағалау 5. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін құбырлар күйінің, жұмыс режимдерінің және басқа да факторлардың кемшіліктерін анықтау 6. Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес құбыр учаскесін ауыстыруды, іске қосуды және тоқтатуды жүргізу
		Білімдер: 1. Ұйымның бейіні, құрылымы және өндірістік қуаты 2. Ұйымның құбырлары мен құрылыстарының орналасуының технологиялық схемасы 3. Өндірістік жоспарлау және өндірісті жедел басқару мәселелері бойынша әдістемелік материалдар 4. Ұйымда өндірістік жоспарлау мен диспетчерлеуді ұйымдастыру
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Құбыр көлігін техникалық пайдалану ережелерінің сақталуын бақылау	Машықтар: 1. Техникалық пайдалану талаптарын бұза отырып орындалатын өндірістік операцияларды анықтау 2. Жабдықтар жұмысының нақты параметрлері нормативтерден ауытқыған жағдайда, айдау станцияларының тиісті жұмысын ұйымдастыру 3. Айдау станцияларын пайдалану жөніндегі нормативтік және техникалық құжаттаманың уақтылы жаңартылуын бақылау
		Білімдер: 1. Айдау станцияларын техникалық пайдалану ережелері 2. Құбырдың желілік бөлігінің жұмыс режимдеріне технологиялық шектеулер 3. Жабдықтың жұмыс параметрлерінің нақты мәндері нормативтерден ауытқыған кездегі іс-қимыл тәртібі 4. Құбыр апаттарын анықтау әдістері 5. Ұйым бөлімшелерінің мамандануы және олардың арасындағы өндірістік байланыстар
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	

	<p>Дағды 3: Диспетчерлік қызметті ақпараттық қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық жабдықтың жұмыс режимі бойынша жиынтық талдамалық және статистикалық деректерді қалыптастыру 2. Диспетчерлік басқаруда қолданылатын әртүрлі мақсаттағы схемалар мен карталардың дерекқорларын сүйемелдеу 3. Бағдарламалық-есептеу кешендерін, диспетчерлік бақылау және басқару жүйелерін және диспетчерлік шешімдер қабылдауды қолдаудың басқа құралдарын пайдалану және дамыту 4. Технологиялық жабдықтың жұмыс режимдерін есептеу бойынша қолданбалы міндеттерді әзірлеу, енгізу және сүйемелдеу <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірісті диспетчерлік басқарудың озық отандық және шетелдік тәжірибесі 2. Жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізу кестесін әзірлеу кезінде ұсыныстарды дайындауға арналған өндірістік объектілер мен жабдықтардың техникалық күйі туралы деректер 3. Диспетчерлік басқару барысында қолданылатын карталар мен схемалардың негізгі түрлері, түрлері және мақсаты
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 3: Өнімді тасымалдау жүйесі объектілерінің жұмысын үйлестіруді ұйымдастыру</p>	<p>Дағды 1: Бөлімшелермен жұмысты ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық объектілерде профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізуге өтінімдерді қабылдау және қарау 2. Жөндеу және диагностикалық жұмыстарды ескере отырып технологиялық объектілер учаскелерінің өткізу қабілеті мен өнімділігін анықтау 3. Жұмыстағы істен шығулар мен бұзушылықтарды оқшаулау және жою жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің жұмысын келісу 4. Жөндеу жұмыстары және қалыпты жұмыс режимін қалпына келтіру бойынша құрылымдық бөлімшелердің әрекетін үйлестіру <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жабдықтың техникалық күйінің сәйкестігін бақылау ережелері мен құралдары 2. Қызметкерлерді штаттан тыс жағдайлар туралы ақпараттандыру әдістері 3. Бас диспетчермен негізгі және авариялық байланысты ұйымдастыру схемалары 4. Магистральдық мұнай құбырларындағы апаттардың, рұқсатсыз қосылулардың және ағып кетулердің орнын айқындау әдістері мен құралдары 5. Жедел құжаттаманың құрамы мен жүргізу тәртібі 6. Болған авариялар, жабдықтың істен шығуы және жазатайым оқиғалар туралы хабарлау схемасы
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 4: Өнімді тасымалдау жүйесі объектілерінің жұмысын үйлестіру</p>		

	Дағды 1: Бөлімшелермен жұмысты ұйымдастыру	Машықтар:	
		1. Технологиялық объектілерде профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізуге өтінімдерді қабылдау және қарау 2. Жөндеу және Диагностикалық жұмыстарды ескере отырып технологиялық объектілер учаскелерінің өткізу қабілеті мен өнімділігін анықтау 3. Жұмыстағы бас тартулар мен бұзушылықтарды оқшаулау және жою жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің жұмысын келісу 4. Жөндеу жұмыстары және қалыпты жұмыс режимін қалпына келтіру бойынша құрылымдық бөлімшелердің әрекетін үйлестіру 5. Түзету іс-шараларының жоспарын әзірлеу және оларды өткізу мерзімдерін анықтау 6. Штаттан тыс жағдайлардың алдын алу үшін шұғыл шаралар қабылдау	
		Білімдер:	
		1. Жабдықтың техникалық жай-күйінің сәйкестігін бақылау қағидалары мен құралдары 2. Қызметкерлерді штаттан тыс жағдайлар туралы ақпараттандыру әдістері 3. Бас диспетчермен негізгі және авариялық байланысты ұйымдастыру схемалары 4. Магистральдық мұнай құбырларындағы авариялардың, рұқсатсыз кесулердің және ағып кетулердің орнын айқындау әдістері мен құралдары 5. Жедел құжаттаманың құрамы мен жүргізу тәртібі	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Аналитикалық ойлау Зейінділік Проблемаларды шешуге кәсіби көзқарас Ұйымдастырушылық қабілет Өз бетінше жұмыс істей білу Күрделі мәселелерді анықтау және шешімдерді әзірлеу және бағалау және іске асыру үшін тиісті ақпаратты қарау		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ҚР СТ 1474-2016 "Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнайды есепке алу жөніндегі нұсқаулық", ҚР СТ 1347-2024 "МҰНАЙ Жалпы техникалық шарттар", ҚР СТ 2081-2011 "Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары", ГОСТ 2517-2012 " Мұнай және мұнай өнімдері. Сынама алу әдістері"		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас диспетчер	
	4	Мұнай қотару станциясының операторы	
16. Кәсіптің карточкасы «Газды есепке алу жөніндегі инженер»:			
Топтың коды:	2147-4		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Газды есепке алу жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Басшылар, мамандар және өзге де қызметші лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы, №553, 20.12.2020 ж., 2-тарау, 2-бөлім, §45 Инженер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	-

	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Инженерия және инженерлік іс	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты газды есепке алу жөніндегі инженер: тиісті мамандық бойынша жоғары білім және II санатты газды есепке алу жөніндегі инженер лауазымындағы жұмыс өтілі 1 жылдан кем емес; II санатты газды есепке алу жөніндегі инженер: тиісті мамандық бойынша жоғары білім және санаты жоқ газды есепке алу жөніндегі инженер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; Санаты жоқ газды есепке алу жөніндегі инженер: қызмет түрі бойынша жұмыс өтіліне қойылатын талаптарсыз тиісті мамандық бойынша жоғары білім немесе 3 жыл жұмыс өтілі бар I санатты техник.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Талап етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2149-4-001 - Метрология жөніндегі инженер 2149-4-002 - Стандарттау жөніндегі инженер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Баланстарды қалыптастыру және тұтынушыларға газ жеткізуді қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Газ саласы ұйымының қызмет көрсету аймағының шекараларында газды жеткізуді қамтамасыз ету және баланстарды жинақтау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Газ саласы ұйымының қызмет көрсету аймағының шекараларында газды жеткізуді қамтамасыз ету және баланстарды жинақтау	Дағды 1: Қабылданған, берілген, бөлінген газдың көлемін есепке алу және бақылау	Машықтар:	
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Газды тұтыну, оның көлемі мен сапасын қоса алғанда, оны есепке алуды жүргізу. 2. Газ шығынын есепке алу аспаптарының жұмысын, олардың жарамдылығын және талаптарға сәйкестігін бақылау. 3. Есепке алу деректерінің дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету. 4. Автоматтандырылған жүйелерді қоса алғанда, газды есепке алу жүйелерін әзірлеу және енгізу. 5. Газды есепке алу бойынша есептеулер жүргізу. 6. Газ саласындағы есеп тораптарын жобалауға қатысу. 7. Газды есепке алу аспаптарын тексеру және жөндеу туралы есептілікті жүргізу, сондай-ақ газды тұтыну туралы есептерді жасауға қатысу. 8. Газды есепке алу саласындағы технологиялардың дамуын қадағалау және өлшеудің жаңа әдістері мен құралдарын енгізу. 9. Газды есепке алуға байланысты метрологиялық талаптар мен рәсімдер туралы ақпарат беру, мамандарды даярлауды ұйымдастыру. 	

Білімдер:

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, ережелер, нұсқаулықтар, жедел есепке алуды ұйымдастыруға қатысты басқа да басшылық материалдар мен нормативтік құжаттар, өндірісті ұйымдастыру негіздері.
2. Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған табиғи жанатын газдың қауіпсіздігі туралы технологиялық регламент (ЕАЭО ТР 046/2018).
3. Бастапқы құжаттама нысандары, оларды толтыру тәртібі.
4. Газ өлшеу станцияларын бақылау бойынша контрагенттердің жұмысының нұсқаулығы мен алгоритмі.
5. Газ балансы және газды есепке алу саласындағы есептілік түрлері.
6. Ұйым шығаратын өнім көлемінің өлшем бірліктері.
7. Жабдықтарды, техникалық құралдарды пайдалану ережесі.
8. Магистральдық газ құбырлары объектілерінде қолданылатын табиғи газдың, ауыр көмірсутекті газдардың, газ конденсатының, қауіпті және зиянды заттардың (метанол, одорант) қасиеттері.
9. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

Ұсынылмайды

Дағды 2:
Тұтынушыларға газ жеткізу көлемін қалыптастыру

Машықтар:

1. Тұтынушыларға газ жеткізуге арналған шарттар мен техникалық келісімдерді дайындауға қатысу.
2. Тұтынушыларға газ жеткізуге өтінімдерді қарау және тексеру.
3. Жеткізілімдердің орындалуын ескеру.
4. Тұтынушыларға газ жеткізу көлемі бойынша есептік құжаттаманы ресімдеу.
5. Жоспарлы және нақты тауар тасымалдау жұмысын есептеу.
6. Контрагенттермен өзара әрекеттесу.
7. Баланстар мен газ жеткізілімдерін басқаруда қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану.
8. Ақпаратты талдау, есептеулер жүргізу және болжам жасау.
9. Дербес компьютерді және оның перифериялық құрылғыларын, ұйымдастыру техникасын пайдалану.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Газ балансын және технологиялық объектілердің жұмыс режимдерін бақылау мәселелерін реттейтін нормативтік-техникалық құжаттар, стандарттар. 2.Белгіленген есептілікті жасау тәртібі мен нысандары. 3.Өндірістік қуаттар, техникалық сипаттамалар, жабдықтың құрылымдық ерекшеліктері мен жұмыс режимдері, оны пайдалану ережелері. 4. Газды өлшеу және есепке алу әдістері. 5. Баланстарды және газды жеткізуді басқаруда қолданылатын арнайы бағдарламалық өнімдер. 6.Газды тасымалдау мен сақтаудың техникалық процестері. 7. Магистральдық газ құбырлары объектілерінде қолданылатын табиғи газдың, ауыр көмірсутекті газдардың, газ конденсатының, қауіпті және зиянды заттардың (метанол, одорант) қасиеттері. 8. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 3: Газ саласын ұйымдастыру бойынша газ балансын қалыптастыру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұтынушыларға газды сақтау, тасымалдау және жеткізу көлемі туралы есептік деректерді жинау. 2. Қабылданған, берілген және бөлінген газдың көлемін есептеу. 3. Газ ағындары бойынша деректерді бағалау. 4. Тәулігіне, айына газдың жиынтық балансын дайындау. 5. Көлік және газ жеткізу көлемдерінің жоспарлы мәндерден ауытқу себептерін анықтау. 6. Газ тасымалдау шығындарын азайту және газбен жабдықтау тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар әзірлеу. 7. Құбырдағы газ қорын есептеуді жүзеге асыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Газ саласы ұйымдарының газ баланстарын және технологиялық объектілерінің жұмыс режимдерін бақылау мәселелерін регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттар, стандарттар. 2. Көлік және газ жеткізу объектілерінің технологиялық схемалары. 3. Газды тасымалдау және жеткізу жоспарлары. 4. Тұтынушыларды тарифтік топтарға бөлу жөніндегі құжаттама. 5. Соңғы газ тұтынушылар топтарының жіктелуі. 6. Баланс және газды есепке алу саласындағы есептілік түрлері. 7. Баланстарды және газ жеткізілімдерін басқару саласындағы ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар. 8. Магистральдық газ құбырлары объектілерінде қолданылатын табиғи газдың, ауыр көмірсутекті газдардың, газ конденсатының, қауіпті және зиянды заттардың (метанол, одорант) қасиеттері. 9. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 4: Газ тарату және тұтынушыларды газбен жабдықтау жүйесін реттеу	Машықтар: 1. Газды тасымалдаудың тұрақты режимін қамтамасыз ету. 2. Тұтынушыларға газды тасымалдау, жеткізу және газды алу режимінің өзгеруі туралы ақпаратты қалыптастыру және талдау. 3. Штаттан тыс төтенше жағдайларды жедел басқару және әрекет ету. 4. Жабдықтау режимдерін жоспарлауға қатысу. 5. Гидравликалық есептеулерді орындау. 6. SCADA, телеметриялық жүйелермен жұмыс жасау.
		Білімдер: 1. Газ саласы ұйымдарының газ баланстарын және технологиялық объектілерінің жұмыс режимдерін бақылау мәселелерін регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттар, стандарттар. 2. Магистральдық газ құбырларын пайдалану қағидалары. 3. Объектілердің технологиялық схемалары. 4. Апаттарды жою жоспары, жауапты тұлғаларды хабардар ету схемасы. 5. Магистральдық газ құбырлары объектілерінде қолданылатын табиғи газдың, ауыр көмірсутекті газдардың, газ конденсатының, қауіпті және зиянды заттардың (метанол, одорант) қасиеттері. 6. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Тәртіптілік Дәлдік Сыни жағдайда өз бетінше шешім қабылдау қабілеті эмоционалды тұрақтылық Зейінділік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	«Магистральдық газ құбырларын пайдалану қағидалары» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 33 бұйрығымен бекітілген; ҚР СТ 1666-2007 «Жеткізілетін және магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалданатын табиғи жанғыш газдар» ЕАЭО ТР 046/2018 тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған табиғи жанғыш газдың қауіпсіздігі туралы;	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Қызмет бастығы (диспетчерлік)
	6	Магистральдық құбыр диспетчері

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

17. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

Орындаушы:

Кошкарлов Ержан Жетписович, +7 (717) 278 68 74, y.koshkarov@energo.gov.kz

18. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

Жоба жетекшісі:

Кошкарлов Ержан Жетписович

E-mail: y.koshkarov@energo.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (717) 278 68 74

Орындаушылар:

Тасмагамбетова Венера Алғалиевна, +7 (777) 479 13 48, tasmagambetova@ica.kz

19. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: №3-2025, 21.07.2025 г.

20. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 28.07.2025 г.

21. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

22. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2025 г.

23. Болжамды қайта қарау күні: 31.12.2028 г.